

Сыр елінің бас шаһары бүгінде дамудың даңғыл жолында. Қазіргі таңда аймақ басшысының қолдауымен көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттерінде жаңалау жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бұл ғимараттардың бірыңғай үлгідегі сәулеттік келбетін қалыптастыру бағытында жасалуда.

ЖАҢАРҒАН ҮЙЛЕР – ҚАЛА КӨРКІ



Биыл қаладағы 20 тұрғын үйді линейарлы панельдермен қаптау үшін қажетті қаржы қаралған. Осы уақытқа дейін бас мердігер «Еңбек» РМК мекемесінің сапалы жұмыстары нәтижесінде 5 тұрғын үйдің қасбеті қапталды. Олардың ішінде А. Тоқмағамбетов көшесі №1 үй, Абай даңғылы №33 және №28 үй, Әйтеке би көшесі №27 үй, Қонаев көшесі №26 үй бар. Мердігер мекеме тағы бірнеше үйдің қасбетін әрлеуге кіріскен. Қазіргі уақытта Назарбаев даңғылы 1,2,3,4, Шұғыла шағын ауданы №58, Әуелбеков көшесі 41,39,36, Әбуов көшесі №8 тұрғын үйлердің сыртқы қасбетін әрлеу жұмыстары бірыңғайланып калған.

Тұрғын үйлердің қасбетін линейарлы панельмен қаптау артық шығынды қажет етпейді. Себебі ұзақ жылға шыдайтындай заманауи құрылыс материалдары таңдалған. Пайдаланып жатқан материалдардың барлығы сапалы және өңірдің табиғи ерекшелігіне төтеп бере алады дейді мамандар.

Жөндеу жұмысынан соң үйлердің сәні кіріп қалды. Қаладағы тұрғын үйлердің қасбеті қайта жаңғыртылғанына тұрғындар дән риза. Жаңарған үйлер алыстан көз тартады.

«Ақмешіт-ақпарат»

Баспасөз-2026

**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүрүде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуы ұмытпаңыз.

**Жекелер үшін
6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін
– 5000 теңге.**

**Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.**

СҰХБАТ

Құлақ, тамақ, мұрын аурулары – бұрыннан белгілі дерт болғанымен, қазір өзектілігі арта түсті. Ірі қалалардың қарбаласы, экологиялық жағдай, шулы орта, құлаққа пен гаджеттерді шамадан тыс қолдану есту мүшесіне, тыныс алу жолдарына түсетін салмақты еселей түсуде. Осындай кезде аурудың алдын алу, дер кезінде дұрыс диагноз қойып, тиімді ем жүргізе алатын білікті ЛОР-дәрігердің рөлі ерекше. Осы ретте қазіргі құлақ ауруларының ерекшеліктері, жастардың құлаққапты жиі пайдалануы және құлақ оталары туралы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығы» ауруханасының жоғары санатты дәрігер-оториноларингологы, құлаққа эндоскопиялық оталар жасайтын тәжірибелі ЛОР-хирург Медет Маханбетпен сұхбаттасудың сәті түсті.

**Медет Маханбет ЕЛТАЙҰЛЫ,
«Қазақстан Республикасы Президентінің
Іс басқармасы Медициналық орталығы» ауруханасының
жоғары санатты дәрігер-оториноларингологы:**



ҚҰЛАҚҚА ДА ҚАМҚОРЛЫҚ КЕРЕК

– Қазіргі кезде ең жиі кездесетін құлақ аурулары қандай? Негізгі себептері ретінде нені атап едіміз?

– Мен ЛОР-хирург ретінде көбіне жоспарлы отаға келетін науқастарды қабылдаймын. Күнделікті тәжірибеде екі үлкен бағыт жиі кездеседі. Бірі – мұрынмен дұрыс демалудың бұзылыстары, екіншісі – құлақтың созылмалы аурулары мен естудің төмендеуі. Мұрын ауруларына келсек, адамдардың көбі мұрынмен еркін демала алмауға, түнде аузын ашып ұйықтауға, басы ауырғанын айтып шағымданып келеді. Тексергенде мұрын пердесінің қисаюын жиі көреміз. Кейде бұл ауру емес, сүйек-шөміршек бөлігінің өсу ерекшелігі ғана. Бірақ

перде қатты қисайса, мұрынның шырышты қабаты ісініп, ауа өтуі қиындайды, бұл құлаққа да әсер етуі мүмкін.

Құлақ ауруынан жедел іріңді ортаңғы отит, дабыл жарғағының перфорациясы, соның әсерінен есту қабілетінің төмендеуі жиі кездеседі. Бізге «құлағым естімей қалды», «құлағымнан су не ірің ағады», «құлағым шуылдайды» деп келеді. Дабыл жарғағындағы тесіктің салдарынан құлақтан бөлінді ағалы, есту төмендейді, кейде жағымсыз иіс пайда болады. Жедел ортаңғы отит, жедел синуситтер және қабындығын түрлі ақсығанан түрлері жедел жәрдем арқылы немесе тікелей қабылдауыма түседі.

4 БЕТТЕ



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

22 қараша
сенбі

№89 (2201)

2025 жыл

апталығы

ЖАҢА БАҒДАРЛАМА: Басты мақсат – халық табысын арттыру

Баға, инфляция, халықтың табысы, тарифтердің жайы – бүгінгі күннің басты тақырыбы. Халық табысы қалай артады? Бағаны тұрақтандыруға мүмкіндік бар ма? Елімізде халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған жаңа бағдарлама қабылданды.

Осы аптада Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Үкіметтің Ұлттық банкпен және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен 2026-2028 жылдарға арналған макроэкономикалық тұрақтандыру және халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл бағдарламасы бекітілді. Құжат Президенттің тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету, инфляцияны төмендету, импортқа тәуелділікті азайту және азаматтардың табысын арттыру жөніндегі тапсырмаларын орындауға бағытталған.

Жаңа құжаттың негізгі бағыттары туралы Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұмангарин баяндалды.

Бағдарламаның басымдығы экономиканың сапалы және орнықты өсуін қамтамасыз ету және инфляцияны төмендету есебінен халықтың нақты табысын арттыру. Ол үшін бағдарламада экономикалық саясаттың негізгі бағыттарының шаралары мен құралдарының жиынтығы қарастырылған.

Биыл экономиканың сапалы өсуі жалғасуда. Осы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша экономиканың өсуі 6,4%-ды құрады. Нақты сектордағы өсім 8,2%-ды құрады, қызметтер өндірісі 5,3%-ға өсті. Салалар арасында көлік қызметтері, құрылыс (15,1%-ға) және тау-кен өнеркәсібі (9,6%-ға) ең жоғары өсімді көрсетеді. Сауда – 9%-ға, өңдеу өнеркәсібі – 5,8%-ға, ауыл шаруашылығы – 5,4%-ға өсті. Өңдеу өнеркәсібінде машина жасауда өндірістің 11,5%-ға, оның ішінде автомобиль жасауда – 13,3%-ға, тамақ өнімдерінде – 9,1%-ға, сусындарда – 8,7%-ға, химия өнеркәсібінде – 10,9%-ға, мұнай өңдеуде – 6,3%-ға, металл бұйымдарында – 14,1%-ға өсуі қамтамасыз етілді. 2026-2028 жылдары экономика жылына орта есеппен 5%-дан төмен емес деңгейде өсетін болады.

– Үкімет тек жалпы ішкі өнім құрылымы салаларындағы өсуді ғана мақсат етпейді. Өсуді қамтамасыз етуде адами капитал, негізгі капитал, табиғи ресурстар, еңбек өнімділігі және технологиялар сияқты маңызды факторлардың үлесі ескерілетін болады. Осыған байланысты әлеуетті жалпы ішкі өнім бойынша экономикалық өсудің декомпозициялануы өзекті болып отыр, – деп атап өтті Серік Жұмангарин.

«Инвестицияларға тапсырыс» қағидатына негізделген жаңа тәсіл енгізілуде. Құны 29,5 млрд теңгеден асатын инвестициялық жобалар үшін басым салаларда 25 жыл ішінде занамааның тұрақтылығына кепілдік беретін инвестициялар туралы келісімдер жасалады.



Серік Жұмангарин тарифтік саясат бойынша да ақпарат берді. Вице-премьер 2026 жылдың 1 тоқсанының соңына дейін барлық тұтынушылар топтары үшін коммуналдық тарифтердің өсуі тоқтатылғанын атап өтті.

Тарифтерді көтеруге мораторий қолданылу кезеңінде табиғи монополия субъектілерінің инвестициялық міндеттемелерді орындауына кешенді тексеру жүргізіледі.

2026-2028 жылдары тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын жаңғырту бойынша 30 мың шақырым инженерлік желілерді жөндеу үшін шамамен 3 трлн теңге инвестиция тарту жоспарлануда.

Әлеуметтік төлемдердің ашықтығы мен атаулылық бағытын арттыру үшін цифрлық технологиялар қолдануды кеңейтуге баса назар аударылады.

– 2027-2028 жылдары ең төменгі жалақыны көтеру мәселесі қаралады. 2026-2028 жылдары халықтың нақты табысының өсуі жылына орта есеппен 2-3%-дан төмен емес болады, – деді вице-премьер.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімдігінде жиын өтіп, аймақ басшысы Н.Нәлібаев алдағы міндеттерді нақтылады.

– Бүгін 2026-2028 жылдарға арналған макроэкономикалық тұрақтандыру мен халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі іс-қимыл бағдарламасы қаралды. Үкімет басшысы аталған бағдарламаның маңыздылығын атап

өтіп, орталық атқарушы органдар мен өңір әкімдеріне тиісті тапсырмалар жүктелді.

Бағдарламада өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары айқындалған. Бүгінгі мәжілісте өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін қараймыз.

Өткен 10 айдың қорытындысына қарағанда, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің оң динамикасы қалыптасты. Қызылорда қаласы мен аудандарда экономикалық өсім бар. Өнеркәсіп өндірісі оң динамикаға шығу үшін өңдеу өнеркәсібі саласын дамыту керек. Алайда кәсіпорындар жұмысы әлі де өз деңгейінде емес. Теріс динамика көрсеткен кәсіпорын басшыларымен кездесіп, жағдайды реттеу үшін нақты жұмыс жүргізу қажет.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы Қызылорда қаласы әкімдігімен бірлесіп, резервтерді ұлғайтудың қосымша көздерін қарастырып, жыл соңына дейін көрсеткіштің өсімін қамтамасыз етіңіздер.

Облыстық экономика және қаржы басқармасы мүдделі облыстық басқармалармен, қала және аудан әкімдіктерімен, статистика департаментімен бірлесіп, 11 айдың жыл қорытындысының экономикалық көрсеткіштері қарқынды өсім динамикасына жетуі үшін нақты шара қабылданыздар.

Өнеркәсіп саласындағы көрсеткіштердің өсімін қамтамасыз етуде қолға алынған барлық жобаның мерзімінде аяқталуы, статистикалық

есептемелерді мерзімінде әрі сапалы тапсыру өте маңызды, – деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда сала басшыларына төтенше жағдайлар департаментімен бірлесіп, жылу беру маусымындағы оқыс оқиғалардың алдын алу жұмыстарын шұғыл жүргізу тапсырылды. Халықпен кездесулер, брифингтер ұйымдастыру, шалғай елді мекендердегі өрт сөндіру пункттерін талапқа сәйкестендіру, қажетті құрылғылармен жабдықтау міндеттелді.

Келесі өзекті мәселе – әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру. Облыс әкімі ауыл шаруашылығы басқармасына аудан әкімдіктерімен бірлесіп, бағаны күнделікті қатаң бақылауда ұстауды жүктелді.

– Әлеуметтік дүкендер қызметін жетілдіруге қатысты нақты ұсыныс беріңіздер. Бүгінде «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы өңірлік тұрақтандыру қорына арзан бағамен күзгі өнімдер сатып алуға. Қала, аудан әкімдіктері, белгіленген кестеге сәйкес әр айға бөлінген өнім көлемін жеткізіп, белгіленген бағамен сатуды үйлестіріңіздер.

Облыс, аудан орталықтарында жәрмеңке ұйымдастыруды жүйелі түрде жалғастырып, Қызылорда қаласындағы әлеуметтік дүкендерді талаптарға сәйкестендіріп, аумағының тазалығын тұрақты бақылау керек, – деді аймақ басшысы.

«Ақмешіт-ақпарат»

АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

ТАЛСУАТТЫҢ ТАБЫСЫ



Кезінде әл-Фараби ғұлама «Халық өткен өмір тарихын білмесе, өзінің өмір сүріп жатқан дәуірінің кәдірін бағалай алмайды» деген екен. Сол тәмсілге сүйеніп, осы аптада Талсуат ауылдық округіне жол тарттық. Мақсатымыз – мемлекеттік бағдарламамен көркейіп жатқан ауылдың тарихы мен жаңарған келбетін көзбен көріп, көңілге түйе, бүгінгі сәні мен салтанатын бағамдап, оқырманға паш етіп, өркенді ауылдың өрелі істерін елге насихаттау.

БҮГІНГІ АУЫЛ КЕЛБЕТІ

2465 адамға құтты қоныс болған Талсуат ауылдық округі бүгінде мемлекеттік бағдарлама игілігімен өркендеп келеді. Әлеуметтік ахуалы жақсарған елді мекенде жұмыссыздар саны азайған. Экономикалық белсенді халық саны 1253 болса, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 150. Жыл басынан 15 тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылған. «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» аясында 23 адам ақылы қоғамдық жұмысқа тартылған.

Биыл бюджет жоспары 214, 4 млн теңгеге бекітілген. Салықтық түсім 2025 жылға 11 млн 417 мың теңгеге жоспарланса, 10 айда 12 400,6 теңге түсіп, жоспар 108,6%-ға орындалған.

2 БЕТТЕ

Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде ҚМДБ-ның Қызылорда облысы бойынша өкілдігінің ұйымдастыруымен «Айтбай» мешіті туралы деректі фильм мен «Айтбай» мешіті: аңыз бен ақиқат» деп аталатын төл туындының тұсаукесер рәсімі өтті. Ең алдымен «Айтбай» мешітінде бабалар рухына арналған Құран хатыммен басталған іс-шараға облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов және облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев бастаған зиялы қауым өкілдері қатысты.

БАҒАЛЫ ТУЫНДЫ ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ



Айтулы шараға Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Өтпенов, «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы мәдениетті, тарихты және этнографияны қолдау» қоғамдық қорының вице-президенті Тазбек Жұмасейітов ақсақал, осы қордың сарапшысы, Өзбекәлі Жәнібековтің туған немересі Әлижан Жәнібек, Орталық мемлекеттік архив директорының орынбасары Марзия Жылысбаева, ұлттық кітапхананың қызметкерлері Гүлшат Әбікова, Жанар Тоқтарова және «Қазқайтажанарту» кәсіпорнының ғылыми-зерттеу және жобалау филиалының директоры Бауыржан Байсалбаев, Өзбекәлі Жәнібеков кесенесінің шырақшысы, әрі қайраткердің немере інісі Нұржан Серімов, Қазақстанның Өзбекстандағы Төтенше және өкілетті елшісінің кеңесшісі Сержан Сәрсенбаев, белгілі өлкетанушы Сағат Жүсіп қатысты.

Алдымен көрермендердің назарына ұсынылған деректі фильмде мешіттің 150 жылдық тарихы жайлы отандық және шетелдік мұрағаттан табылған құнды құжаттарды зерттеу барысы туралы дәйекті пікірлер мен экспедиция сапарынан бейнетүсірілімдер көрсетіліп, құжаттар көрмеге қойылды.

– «Алаштың анасы» атанған Сыр өңірінде де тарихы терең мешіттер жетерлік. Солардың арасында биыл іргетасы қаланғанына бір ғасырдан астам уақыт өткен «Айтбай» мешітінің орны ерекше. Себебі бұл мешіт Қызылорда облысындағы ең көне құлшылық үйі ғана емес, сонымен қатар сәулет өнерінің де ең көркем ескерткіші саналады. Десек те, бұл ғимарат 150 жылдық тарихында талай ақтандық кезеңдер мен нәубетті жылдардың куәсі болды. Міне, бастауын сонау Перовск кезекшесінен алатын мешіттің тарихын түгендеп, халыққа ұсынып отырған деректі туындының біз үшін үлкен жаңалық екені сөзсіз. Осы бағытта аянбай қызмет еткен азаматтардың «Айтбай» мешіті: аңыз бен ақиқат» деп аталатын еңбегіне ерекше алғысымды білдіремін. Бұл кітап – шын мәнінде, тұтас дәуірдің жүгін арқалаған құнды еңбек», – деді бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы.

Айта кетейік, мешіттің тарихын небәрі сегіз ай ішінде зерттеп, кітап жазған «Айтбай» мешітінің имамы Асхат Асқарұлы мен Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Нұрсұлтан Мықтыбай.

– Бұл еңбек мешіттің 150 жылдық тарихын тұтас қамтуға тырысқан энциклопедиялық жинақ десек те болады. Кітап жылдар бойынша хронологиялық тізбекпен, кезең-кезеңмен жазылған. Әрбір кезең немесе маңызды оқиғаларға бөлек тақырып арналады. Кітап жазу барысында тек фактілерге ғана сүйендік. Әр бөлімде дәлел-дәйектер мен растайтын құжаттар, суреттер қоса беріліп отырды. Ерекше атап өтерлігі, мешітке қатысты бұрын-соңды еш жерде жарияланбаған, айтылмаған мәліметтер де алғаш рет осы кітапта жарық көріп отыр, – деді кітап авторы Нұрсұлтан Мықтыбай.

Айта кетейік, «Айтбай» мешітінің салынуына Сыр бойында өмір сүрген Айтбай Балтабайұлы ықпал еткен. Ол Сыр елінде ислам дінінің насихатталуына ерекше еңбек сіңірген, мешіт салып, қайырымдылықпен айналысқан. Жалпы Балтабаевтар әулеті Бұхарамен сауда-саттық жасаған ауқатты отбасы болған. 1988 жылдың қаңтар айында «Айтбай» мешітінің ғимаратын облыстық филармонияға беру туралы шешім қабылданады. Максаты камералық музыкаға арналған тыңдау залы ретінде пайдалану еді.

– Деректерге сүйенсек, мешіт ғимаратын облыстық филармония залына бейімдеу жұмыстарымен қатар, оның алғашқы концертінде де дайындық қызу жүріпті. Бірақ мешіт филармонияға айнамайды, ішінде концерт те қойылмайды. Оған ұлт мәдениетінің жоқтаушысы, қандай қызметте болсын, елдіктің ерен үлгісін танытқан мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков себепші болды, – дейді кітап авторы Асхат Асқарұлы.

Іс-шара соңында «Айтбай» мешітінің тарихын түгендеуге атсалысқан азаматтар, архив, кітапхана, музей қызметкерлері бас мүфтидің Алғыс хатымен марапатталды.

Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Спорт саласы толық цифрландырылмақ

Апта басында Туризм және спорт министрінің орынбасары Бауыржан Рапиков жұмыс сапарымен Қызылордаға келді. Сапар барысында вице-министр мен Туризм және спорт министрлігі спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары Аманбай Нұрмұханбетов Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында брифинг берді.

Вице-министрдің айтуынша, елімізде 8,4 миллион адам спортпен және дене шынықтырумен шұғылданады, ал біздің аймақта бұл көрсеткіш 42,1 пайызды құрайды. Негізгі мақсат – спорттық инфрақұрылымды дамыту арқылы халықты спортқа баулу.

– Өздеріңізге белгілі, жақында Қызылорда қаласында 11 мың көрерменге арналған, УЕФА талаптарына сай, заманауи жабыны бар стадион пайдалануға берілді. Сонымен қатар III Интернационал, Дүр Онғар, Жаксықылыш, Бесарық, Ақай ауылы мен Жалағаш кентінде спорт кешені ашылды. Аққыр және Досбол Датқа ауылдарында ангар типтес спорттық зал салынды. Елордада Ұлттық спорт университетінің құрылысы аяқталуға жақын. Бұл оқу орны тек білім беру мекемесі ғана емес, көпсалалы спорт және ғылыми орталық болмақ. Спорт саласын цифрландыру да басым бағыттың бірі. Дене шынықтыру мен спорттың цифрлық платформасын (E-Sport) іске асыру аясында министрлік пилоттық режимде негізгі жүйенің 3 модулін іске қосты. Жүйені толық енгізу 2026 жылға жоспарланып отыр, – деді Бауыржан Серікбайұлы.

Мұнан соң сөз алған Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

ТАЛСУАТТЫҢ ТАБЫСЫ



КӘСІП ТУЫ – НӘСІП

Қазір ауылдық округтерде кәсіпкерлік жедел дамып келе жатқаны мемлекеттік бағдарламаның игілігі екені белгілі. Округте 189 шағын кәсіпкерлік нысаны 174 дара кәсіпкерлер, 6 шаруа қожалығы тіркелген, заңды тұлға – 9.

Ауылдық округ әкімі Ерлан Бейсенбаевтың айтуынша, кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламамен жыл басынан несие портфелі 85,6 млн теңгені құрайтын 11 жоба мақұлданған.

Айталық, «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы «Татыранова» ЖК мүйізді ірі қара мал басын көбейту жобасы 6 пайыздық жеңілдікпен қаржыландырылды. «Ауыл аманаты» бағдарламасы пилоттық жобасы аясында биыл 74,9 млн құрайтын 5 жоба қаржыландырылған. Олардың қатарында қолғап шығару цехы, қымыз өндірісі, жартылай фабрикалар, ет өндірісі, балық шаруашылығы бар. Қайтарымызсыз грант (400 АЕК) арқылы 5 жоба жүзеге асты.

Мәселен, жеке кәсіпкер, күміс алқа иесі Гүлжан Ахметова «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 2024 жылы қазан айында 2,5%-бен 7 млн теңге несие алып тігін цехын ашып қажетті құрал-жабдықтар сатып алды. Көпбалалы ана қазақтың ұлттық киімдерін тігіп, кәсібінің жемісін көріп, екі адамды жұмыспен қамтып отыр.

Халқымыздың ерекше кәсіпкер және жанына жақын көрген төрт түлігінің ішіндегі пір тұтқаны – жылқы малы. Халқымызда «қазақ, дала, жылқы» деген сөздер бір-біріне жақын тамырлас та, тағдырлас.

Талсуат тұрғыны Жанат Токмейілова 2012 жылдан бастап «Нұрай» жеке кәсібін құрып, мал шаруашылығымен айналысып келеді. 2022 жылы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ «Еңбек» бағдарламасы арқылы несиеге қол жеткізіп, 12 бас жылқы алған. 2023 жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасымен 7 млн теңге несие алып, 100 бас жылқы, 50-ден аса ірі қара өсіріп отыр. Шаруашылығы 700 шаршы метр аумақты алып жатыр. Осы кәсіппен айналысқан жылдары ол жылқы түлігінің қасиетін ұғына түскен. Өз кәсібіне шынайы беріліп, тірлік қылса көсегесі көгеріп, ісі оңға басатынына көзі жетті. Шындығында жылқы мінсен көлік, жесен тамақ, ішсен сусын, киесң киім. Жылқының еті де, сүті де дәрі. «Жылқы – жаным, қымыз-қымыраным» деген атам қазақ. Тарихтан белгілі, кей жағдайда аттан құлаған адам аман қалады екен. Тіпті еш жері жарақаттанбаған да кезі болған. Қазақта «Есек тұяғын төсейді, түйе шудасын төсейді, өгіз мүйізін, ат жалын төсейді» деген тәмсіл бар. Бұл тұлпарға тән тазалықтың белгісі.

Киелі жылқы малын өсіріп, қорасын малға толтырып отырған Жанат жылқының қасиетін де бес сауасқай білетін болып шықты. Ер мінезді қайсар жан ауылдағы үш азаматты жұмыспен қамтып отыр.

– Әйел затының табиғатына мал шаруашылығымен айналысу өте қиын. Айына жем-шөптің өзіне миллион теңге ақша керек. Ет өндірумен бірге қымыз да баптап, саумалды елге ұсынып отырымыз. Жақында 2,5 пайыздық жеңілдікпен асыл тұқымды ақбас сиыр алдым. Оның 10-ы сиыр, 1-і бұқа. Қазір мал басы көбейіп жатыр. Күн жылы кезде сүт өнімдерін тиімді бағада жергілікті тұрғындарға саттық. Уақ мал мен сиырдың етін бордақылаумен де айналысып жүрмін. Өзім тұратын Талсуат ауылдық округіндегі тұрмысы төмен отбасыларға көмектесіп, түрлі шараға демеушілік көрсетіп, елдің басын алып келемін. Бұл кәсіппен айналысқанымда да 10 жылдан асты, – дейді кәсіпкер.

Ешкімге алақан жаймай, маңдай терімен отбасын асырап қоймай, атымтай жомарттықтың үлгісін көрсетіп, ауыл халқына да жәрдемдесіп отырған кәсіпкердің берекелі ісіне ел риза.

ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛЕУЕТІ НАЗАРДА

Ауылдағы әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылар да назардан тыс қалмай, мемлекет қамқорлығына алынған. Жыл басынан аз қамтылған 33 отбасына 8 701 482 млн теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Ауылдық округ тұрғындарын міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде Талсуат ауылдық округінде медициналық амбулатория алғашқы көмек беріп, дәрі-дәрмекпен қамтуда. Мұнда 2 дәрігер, 6 жалпы тәжірибелі аяжан, 1 ем-шара бөлімінің аяжаны тұрғындарға медициналық қызмет көрсетеді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖЕМІСІ

Тұрғындардың көптен бері көтеріп жүрген ауылдық округтегі әлеуметтік қызмет көрсететін 3 мекемеге жаяу жүргінші жолын салу мен көше жарығын жүргізу мәселесі шешімін тапты. Жобаның сметалық құжаты «Қызылорда қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы» тарапынан әзірленіп, 2025 жылы қалалық бюджеттен толық көлемде қаржыландырылды. Мемлекеттік сатып алу конкурсының нәтижесі бойынша мердігер мекемеден құны 75,8 млн теңге қаржы бөлініп, жұмыс толық аяқталды.

– Ауылдық округтегі 1-ші тұйық көшеге жарық бағаналары орнатылды. Жоба құны 2 млн 341 мың теңгені құрайды. 3-ші тұйық көшеге де тас төселіп, оған 13 млн 279 мың теңге қаржы қаралды. Сонымен қатар Тағзым аланы абаттандырылып, ағымдағы жөндеу жүргізілді. Құны 4,992 мың 152 теңгені құрайтын құрылысты мердігер мекеме «ALYSE» COMPANY ЖШС орындады. Самаладай жарық көшелермен тұрғындар еркін-еркін жүретін болды. Мәселен биыл Астана, Алматы, Ақмешіт, Отырар, О.Сауытбаев, С.Нұрмағамбетов көшелеріне көше жарығы жүргізілді. Оған 51,9 млн теңге бөлінді. Құрылысты «Орда-Құрылыс» мекемесі орындады, – дейді ауыл әкімі.

Жол қозғалысы мен қоғамдық қауіпсіздікті күшейту мақсатында «Қызылорда облыстық полиция департаменті» тарапынан А.Құнанбаев көшесінің бойына жаңа бейнебақылау камералары орнатылғаны да ауыл ішіндегі тәртіпті қадағалауға көмек беруде. Жаңа бейнекамералар бір мезетте бірнеше жолақтағы қозғалысты қадағалап, заң бұзушылықты анықтай алады. Ауылдық округте бір клуб пен 11 мыңға жуық кітап қоры бар кітапхана жұмыс істеп тұр. «Талсуат» ауылдық клубы» МҚК-нің менеджерісі Айнагүл Жайдариеваның айтуынша, өскелең ұрпақтың уақытты тиімді пайдалануы үшін барлық жағдай жасалған. Клубта 6 үйірме тұрақты жұмыс істейді. «Жас дәурен» мен «Әсем әуен» дәстүрлі ән үйірмесі, «Ақкербез» би және «Алақай» балалар қуыршақ-драма, көркемөз үйірмесі, «Ісмер» колорен үйірмелерінде барлығы 103 бала бар. Сонымен қатар «Ақ өже» ансамблі, «Талсуат еріктілері» тобы да өз жұмысын жүргізіп келеді.

Талсуат ауылында өркендеу бар. Бұл мемлекеттік бағдарламаның игілігі екені сөзсіз.

Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА
Басы 1-бетте Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

АНА ТІЛІН ҚҰРМЕТТЕГЕН БІЛІМ ОРДАСЫ

...Қобыланды сынды батырың
Тайбұрыл атты мінеді,
Ақ сауытын киеді.
Қараспан тауды бөктерлеп,
Көп қосынның соңынан
Батыр Қобылан жөнелді...

Ақ бантигі желбіреген бастауыш сыныптың бүлдіршін қызы «Қобыланды батыр» жырын жатқа айтып тұр. Жырдың жалғасын сыныптасы іліп әкетті.

Қаладағы Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының есімін иемденген №211 мектептің кез келген оқушысынан сұрасаң Қобыланды батыр жырын жатқа біледі. Ауыз әдебиетін, батырлар жырын жастаңа оқып жатқан балалардың кітап оқуға құлшынып тұрғанын жағт-жұлт еткен жанарынан байқауға болады. «Мен қазақтың» деп мақтана айтып, ұлттың

сапасын арттыру, оқу сауаттылығын дамыту мақсатында Қызылорда облысының білім басқармасы басшысының 17 желтоқсан 2024 жылғы 116-нқ/1 бұйрығымен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №211 орта мектебі «Тілге бойлау (Тіл білімі мектебі)» тірек мектебі болып бекітілген.

– Оқушыларымыздың тілдік қабілеттерін шыңдау, олардың қазақ тілінде ойлау және сөйлеу дағдыларын дамыту, жас буынның бойына ұлттық құндылық пен отансүйгіштік сезімдерін сіңіру – біздің басты міндетіміз. Мектебіміз ұлт ұстазының атында болғандықтан бізге бұл үдеден шығу екі есе ауыр жүк екенін сезінеміз. Жоба аясында ауқымды жұмыстар қолға алынып, жүзеге асуда. «Тілге бойлау (Тіл білімі мектебі)» жобасы балаларды ана тілімізді терең меңгеруге, білім

тепте тағы бір мазмұнды іс-шара өтті. «Тілге бойлау: «Тіл білімі мектебі» жобасы аясында «Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тілінің пән ретінде оқытылуы мен ғылым тілі болып қалыптасуы» тақырыбында республикалық конференция өтті.

Конференцияға Алматы мемлекеттік тілді дамыту институтының атқарушы директоры Бижомарт Қапалбек, актер, әнші, «Ахмет.Ұлт ұстазы» телехикаясында басты рөлді сомдаған, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Байғали Есенәлиев, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қауымдастырылған профессоры Аман Абасилов, Қызылорда облыстық оқу-әдістемелік орталығының директоры Сырым Асқаров, Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының «Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығының» КММ директоры Мартана Дәулетбаева, «Сыр Медиа» ЖШС бас директоры Марат Аралбаев және білім саласының өкілдері, мұғалімдер, БАҚ өкілдері қатысты.

Конференцияға келген қонақтар ең алдымен мектепте ашылған ғылыми зерттеу орталықтарының жұмысымен танысты. Ұлт ұстазы атын иемденген білім ордасындағы бұл конференцияның да маңызы бөлек. Қазақ тілін ғылым тіліне айналдыруға қадам жасауды мақсат еткен конференцияда А.Байтұрсынұлы медалінің иегері Бижомарт Сейсенбекұлы «Жаңартылған бағдарламадағы қазақ тілі пәнінің мақсаты және білім мазмұны» тақырыбында баяндама жасаса, «А.Байтұрсынұлының сөйлем жүйесіне қатысты фирутынан» тақырыбында Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті гуманитар-

лық ғылымдар жоғары мектебінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Бекен Сағндықұлы, «Ақымет Байтұрсынұлының қоғамдық-шығармашылық және ғылыми қызметінің Қызылорда кезеңі» тақырыбында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Аман Абасилов, «А.Байтұрсынұлы «Әліппесіндегі» ұлттық құндылықтар» тақырыбында акын, А.Байтұрсынұлы музей-үйінің аға ғылыми қызметкері, түркітанушы (PhD), Алаш мұраларын зерттеуші Әділет Ахметұлы баяндама жасап, қатысушыларға тың мағлұмат берді.

Конференцияны түйіндеген №211 Ахмет Байтұрсынұлы атындағы орта мектеп директоры Айжан Алимова бүгінгі жиынның «Тіл білімі» тірек мектебіне берері мол екенін атап өтті.

– Конференцияға қатысып, келелі ой-пікір бөлісіп, мазмұнды баяндама жасаған баяндамашыларға, тіл жанашырларына және барлық қатысушыларға үлкен алғыс білдіреміз. Шарамазды ұлт маңдайына біткен, туған тіліне деген құрметі жоғары болған Ахмет Байтұрсынұлының «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсені ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін азырдау тырысады. Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілсек, қарнымыз ашпас қамын ойлағандай тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек» деген сөзімен аяқтаймыз, – деді ол.

Конференцияның келесі бөлімі «Ғылымдағы Ахмет – өнердегі Ахмет: тіл тағдыры мен тұлға тағдыры» тақырыбында жалғасты. Жиында конференция қонақтары оқушылармен кездесіп, пікір алмасты. Оқушылар «Ахмет үні» атты монолог оқып, кинода Ахметті сомдаған Байғали Мақұлбековке көкейде жүрген сұрақтарын қойды. Сондай-ақ Бижомарт Қапалбектің «Адамдық диқаншысы» пьесасы желісінде шағын эпизодты қойылым қойып, Байғали Есенәлиевтің өлеңдерінен үзінді оқыды. Бұл конференция жас буынның әдебиет пен өнерге, тілге деген қызығушылығын арттыра түскен күн болды.

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ



баға жетпес жауһарларын түгендеп жүрген жас буын. Қай сыныпқа бас сұқсаң да «мен айтайыншы» деп жұлжынып тұр. Өзі білім алып жатқан мектебіне есімі берілген ұлт ұстазының нақылға айналған әрбір сөзін жадына түйген. «Құшті болу үшін білім керек» дейді олар. «Ұлтымның болашағы біздей білімді буынның қолында» дегенді аңғартқан өрнөдер ең алдымен өз ана тілін, ұлттың салт-дәстүрін, әдебиеті мен мәдениетін бойына сіңіріп өсіп келеді. Қарап тұрып риза боласың.

Жоғарыда атап өткендей, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №211 мектептің жас буынды оқыту мен тәрбиелеуде ешкімге ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі бар. Ең бастысы, туған тілді тереңдете оқытуға ерекше мән береді. Ел Президентінің Жолдауында «Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. Тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады. Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршінің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады. Осы тұрғыда, балабақшаларда, мектептерде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруді назарда ұстау қажет. Біз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстарды үздіксіз жалғастыра береміз» деп атап айтқаны білім ордасының мақсатын айқындауға түрткі болды десек артық айтқандық емес. Мемлекет басшысының тіл мәртебесін көтеру, «Тілге бойлау» республикалық жобасын жүзеге асыру, қазақ тілін үйрену



алушылардың сөздік қорын молайтуға, табандылыққа, шыдамдылыққа, шығармашылыққа бағытталған десек, жоба аясында оқушыларымыз І-сыныптан бастап «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр» жырларын жатқа оқиды, – дейді мектеп директоры Айжан Алимова.

«Тіл білімі» мектебі аталған білім ордасының бүгінгі күнге дейін атқарған жұмысы аз емес. Қазақ тілін терең меңгерту мақсатында түрлі жобалар, конференциялар да ұйымдастырылып келеді. Қазақ тілі мен әдебиетін қызыға оқуған оқушылардың да жетістігі аз емес. Әр жыл сайын жарыстарға қатысып, жеңіс тұғырынан көрініп келеді. Жақында мек-



«ТАСБӨГЕТ КЕНТІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНДЕ КӨРСЕТІЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ТУРАЛЫ

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» ҚР Заңына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жеке-леген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі. Сәйкесінше мемлекеттік қызметтер көрсету саласының сапасын арттыру – елді мекен тұрғындарының өмір сүру деңгейінің көтерілуіне септігін тигізетін сөзсіз.

Қызылорда қаласының «Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде төмендегідей 6 мемлекеттік қызмет түрі жүзеге асырылады:

1. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;

2. Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу;

3. Жер учаскесін алу үшін кезекке қою;

4. Елді мекендер шеінде объекті салу үшін жер учаскелерін беру;

5. Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату.

6. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау.

«Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» КММ көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша ағымдағы жылдың ІІІ тоқсанында кент әкімінің аппаратына мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша келіп түскен өтініштер саны 193 құрайды.

Атап айтқанда, «жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру»

бойынша 10 өтінім, «сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» бойынша 193 өтінім келіп түсті. Оның ішінде, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге рұқсат етілген шешімдер саны 4-ті құраса, бас тартылғаны 6.

Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу бойынша қанағаттандырылған өтініштер саны 92, бас тартылғаны 91 құрады.

Қазіргі таңда демеуші көздері есебінен Тасбөгет кентінің Бас жоспары әзірленуде. Осыған байланысты кент бойынша арнайы кезекте тұрған азаматтарға жер учаскелерін табыстау уақытша тоқтатылды. Алдағы уақытта Бас жоспар бекітілгеннен кейін «ҚР Жер кодексінің 44-бабына» сәйкес,

жер учаскелерін беру арнайы кезектілікпен жүргізілетін болады.

Қызмет алушыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында «Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» КММ ғимаратында мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпараттық стенд орналастырылған және онда көрсетілетін қызмет түрлері мен қызмет көрсету мерзімі туралы мәліметтер толық көрсетілген. Сондай-ақ мекемеде «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» жабыдқталып, онда «Egov.kz» электрондық үкімет веб-порталына кіру мүмкіндігі қамтамасыз етілген.

Жоғарыда аталған қызметтерді алу үшін Тасбөгет кенті әкімінің аппаратына өтініш білдіруге болады. Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, 3.Шұкіров көшесі №11.

Сенім телефоны: 21-58-49.



СӨЗ МАРЖАНЫН ТЕРІП...

Кешегі Майқы би, Өйтеке мен Қазбек билердің жалғасындай сөз бастаған шешендер қазақта қазір де аз емес. Дегенмен олардың танымын кеңейтіп, көкжиегін дамытуға аға буынның көмегі зор. Соңғы 10 жылдан бері аймақ деңгейінде оқушылар арасында ділмар жастарды дайындау жүйелі қолға алынууда. Осыған орай, Жыраулар үйінде облыстың түкпір-түкпірінен 14 оқушы қатысып бақ сынаған сайыс сөз өнерінің құдіретін мойындады.

Жастарды кітап оқуға қызықтырып, қазаки әңгіме айтуға қалыптастыру мақсатында өткен сайыс «Рухани болмысты жаңғырту – ұрпақ ұлағаты» деп аталды. Жоба авторы Мамыр Байдаулетовтың айтуынша, ғибратты әңгіме айта білетін жастарды қалыптастыруға бұл сайыстың берері мол.

– Өңгіменің бастауы, шарықтау мен түйіні болуы керек. Қазір әлеуметтік желінің заманы болғандықтан ба, адамдардың ойында ақпарат өте көп. Содан болар өзімізді көп білетін адамдай сезінеміз. Ал негізінен ақпарат пен білім екі бөлек. Менің бала кезімде әкеме келіп әңгіме айтатындар көп еді. Әрқайсысының ауыр тағдыры бар. Аштықты да, соғысты да көрген олар өмір тәжірибесінен түйенін айтатын. Жандарында жатып ұйықтап кеткенше әңгіме тыңдайтынмын, – дейді Мамыр Бәйментайұлы.

Топ жарып іріктелген өрен жүйріктерге М.Шахановтың «Қыран тағдыры», Т.Ізтілеуовтың «Мәрді диханы», З.Ибадуллаевтың «Софы Алдияр» дастанын баяндау тапсырылды. Байқау шарты бойынша дастанды жаттамай өз түсінігі бойынша әңгімелеу керек. Жарысқа Қызылорда қаласының Құрметті азаматы Жүзбай Таңрақбаев пен жыршы Амандық Бүрлібаев қазылық етті. Жарысқа қатысқандар ішінде Жанаталап ауылынан келген Мақсұт Маратұлы да бар. №19 орта мектептің 7-сыныбында оқитын жас өрен көркем әдебиетке құштар, белсенді екендігін дәлелдеп,

Думан КЕҢШІЛІК

Тәуелсіздікке бастар үн

Уақыттың кереғар құбылыстарын көзбен көріп, түрлі қиындықтарды бастан кешірген, елдің тәуелсіздікке ұмтылуына ұйытқы болған – Міржақып Дулатұлы. Айталық, ол «Оян қазақ» атты туындысында халықты ояту, надандықтан арылту, ұлттық рух пен намысты қайрау сынды әрекеттерді алға тартты. Әсіресе мына бір өлең жолы ерекше рух оятады.

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп,

Қарағым, енді жату жарамас-ты.

Бұл шумак арқылы акын қазақ халқына үндеу тастап, оларды ұйқыдан, отарлық езгіден, рухани мешеуліктен арылуға шақырады. Елдің тәуелсіз болуы бізбен яғни қазақ халқына байланысты болды. Осы орайда Алаш Ордасының төрағасы Әлихан Бөкейханның нақыл сөздерінің бірін тілге тиек еткім келіп отыр. «Алаштың баласы алашқа қызмет қылмай қоймайды!» – деп қазақтың әрбір азаматының ұлтқа адалдығын, елінің болашағына деген жауапкершілігін білдірген. Алаш зиялыларының өлең жолдары мен нақыл сөздерінде халықты рухтандыру, алға тарту мен күш-жігерін ояту жолы қарастырылған.

Сол заман кезеңінде акын-жазушылар қазақ өзіне-өзі қызмет етпесе, ешкім келіп құтқармайтынын білген. Алаш зиялылары білім мен ерік-жігер арқылы ұлттың көзін ашуға тырысты. Олар саясатта, ғылымда, әдебиетте, баспасөзде ел үшін қызмет етті. Шығармалардың мағынасы жай ғана сөз емес, Алаш идеологиясының рухани өзегі, халқы үшін жанын пида етуге даяр зиялының серті.

Нұрбала ІЛІЯСОВА,

№167 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясы басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлға өкілдерін қабылдаудың 2025 жылға арналған				
К Е С Т Е С І				
Қабылдаушының аты-жөні	Қабылдаушының лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефоны
Бегімов Жантөбе Жахаңұлы	Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясының басшысы	Сейсенбі, сәрсенбі, сәуір 16.00-18.00	Қызылорда қ. Ә.Бөкейхан көшесі, ғимарат №546	23-17-12 8/7242/23-78-13

Медет Маханбет ЕЛТАЙҰЛЫ,
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығы» ауруханасының жоғары санатты дәрігер–оториноларингологы:

ҚҰЛАҚҚА ДА ҚАМҚОРЛЫҚ КЕРЕК

– Есту қабілетінің төмендеуі мен керендік неден болады? Қандай қауіп факторлары ерекше рөл атқарады?

– Жалпы, есту қабілетінің төмендеуі мен саңыраулықтың негізгі үш тобы бар деп айтар едім. Біріншісі – өткізгіштік есту кемістігі. Бұл көбіне ортанғы құлақ деңгейіндегі өзгерістермен байланысты. Мысалы, бала кезінде жедел отитпен қайта-қайта ауырып, дабыл жарғағы тесіліп, ортанғы құлақ қуысында созылмалы қабыну қалыптасса, құлақтағы үш майда сүйекше – балғашық, төсше, үзеңгінің қозғалысы бұзылады, кейде мүжіліп, зақымданады. Сонда дыбыс толқыны дұрыс өткізілмей, біртіндеп нашар ести бастайды. Құлақ ауруының мұндай түрін көп жағдайда хирургиялық жолмен – дабыл жарғағын жауып, сүйекшелерді қалпына келтіру арқылы емдеуге болады. Екіншісі – нейросенсорлық саңыраулық немесе керендіктің пайда болуы. Бұл құлақтағы ұсақ түкті жасушалардың, есту жүйкесінің, мидағы есту орталықтарының зақымдануынан болады. Мұнда шулы ортада ұзақ жыл жұмыс істеу, құлаққапты қатты дыбыста тыңдау, кейбір ототоксикалық дәрі-дәрмектер, қан-тамырлық және зат алмасу аурулары, бас-ми жаракаты әсер етеді. Егер нейросенсорлық процесс енді басталғанда «құлағым шулап кетті, кенеттен нашар ести бастадым» деген алғашқы белгілер байқалғанда дер кезінде дәрігерге келсе, дәрі-дәрмекпен, инфузиялық терапиямен естуді белгілі бір деңгейде жақсартуға мүмкіндік бар. Ал айлап-жылдап жүре берсе, өзгерістер тұрақты болып, есту қабілеті қалпына келмейтін деңгейге кетуі ықтимал. Үшінші нұсқа – туа біткен керендік. Кей балалар ана құрсағында жатқан кезде-ақ әртүрлі инфекциялар, токсикалық әсерлер немесе тұқымқуалаушылық факторлардың салдарынан құлақ құрылымдары мен есту нерві толық дамымай қалады. Мұндайда Қазақстанда кохлеарлық имплантация жасалады. Арнайы құрылғы орнатылып, балаға есту дағдысы үйретіледі. Яғни, туа біткен керендікті қазіргі заманда түзету мүмкіндігі бар.

– Есту қабілетінің нашарлауының алғашқы белгілері қандай?

– Есту қабілетінің төмендеуін көбіне адамның өзі де, жанындағы туыстары да байқайды. Алғашқы белгілердің бірі – әңгімелескен кезде «қайталап айтынышы», «не дейсің?» деуі. Бірнеше адам сөйлесіп отырған ортада айтылған әңгіменің бір бөлігін ғана естіп, дұрыс түсінбейді. Телелдидардың, радионың, телефонның дауысын бұрынғыдан да қаттырақ қоюы. Кейде адамның дауысы «алыстан күмбірлеп» естілгендей болады, сөз анық жетпейді. Құлақта шу, сыбыр, шыныл, ысқырық пайда болуы да – маңызды белгі. Науқастар көбіне «отырғанда тыныш, жан-жағымда дыбыс жоқ кезде құлағымның ішінде әртүрлі дыбыс шығады» дейді. Бұл – субъективті шу деп аталады, көбіне нейросенсорлық өзгерістерге тән.

Мұндай шағымдар болғанда біз алдымен құлақ жолын, дабыл жарғағын, мұрын қуысын, мұрын пердесін, жұтқыншақты, естехи түтігі аумағын микроскоп, эндоскоп арқылы тексереміз. Одан кейін тональды және сойлеу аудиометриясы, тимпанометрия сияқты арнайы зерттеулер жүргіземіз. Сол арқылы естудің қай деңгейде, қай түрі зақымданғаны анықтап, соған сәйкес ем тағайындаймыз.

– Қай жағдайда ата-ана баласын немесе ересек адам өзін

Басы 1-бетте

міндетті түрде ЛОР-дәрігерге көрсетуі керек?

– Балаларға да, ересектерге де ортақ қағида – ұзақ созылған, қайталанан беретін шағымдарды «өзі өтіп кетер» деп күтпеу. Балаларға қатысты айтар болсам, егер бала аузын ашып ұйықтаса, түнде қатты қорылдаса, жиі суық тиіп, құлағы ауырып, қабыну қайталанан берсе, құлағынан су, ірің сияқты бөлінді ағатын болса, телелдидардың дауысын қатты қойып тыңдаса, ата-анасы шақырғанда бірден естімей, қайта-қайта айтқызытын әдеті болса, міндетті түрде ЛОР-дәрігерге апару керек. Сөйлеуінің дамуы кешеуілдеп, жаңа сөздерді нашар меңгеруі де – назар аударатын белгі. Көп жағдайда мұндай балаларда мұрын-жұтқыншақта аденоид деп аталатын тін үлкейіп кетеді. Ол мұрынмен демалуды қиындатады, естехи түтігін жауып, құлақтың вентиляциясын бұзады, нәтижесінде есту төмендеп, отит қайталанан береді. Мұндайда аденоид бар-жоғын, оның дәрежесін эндоскопиялық тексеру арқылы нақты көруге болады. Ересектерде дәрігерге шұғыл қаралуға себеп болатын белгілер – бір немесе екі құлақта кенеттен естудің төмендеуі, құлақтың бітелуі, қатты құлақ ауыруы, дене қызуының көтерілуі, құлақтан ірің не қан аралас бөлінді ағуы, ұзақ уақыт басылмайтын құлақтағы шу, сондай-ақ мұрынның көп жылдан бері тұрақты бітелуі, мұрын тамшыларын күніне бірнеше рет,



айлап-жылдап қолдану сияқты жағдайлар. Қазіргі ЛОР-кабинеттері эндоскоп, микроскоп секілді заманауи құралдармен жабдықталғандықтан, біз тек қарап қана қоймай, науқастың өзіне де өзгерістерді көрсетіп, емдеу тактикасын түсінікті түрде талқылай аламыз.

– Құлаққапты ұзақ және қатты дыбыспен қолдану есту мүшесіне қалай зиян келтіреді?

– Құлаққап арқылы қатты дыбыс ұзақ уақыт берілсе, құлақ ішіндегі ұсақ түкті жасушалар мен есту нерві демалмай, дамылсыз жұмыс істеуге мәжбүр болады. Адамның өзі де үнемі тоқтаусыз, демалыссыз жұмыс істей берсе, бір күні шаршап, жүйке жүйесі тозады ғой, құлақ жасушалары да дәл солай. Ұзақ уақыт жоғары жүктемеде жүрсе, бірте-бірте қажалып, зақымданады.

Алғашқы кезінде бұл өзгерістер қайтымды болуы мүмкін – дыбысты азайтқанда, құлаққапты уақытша шешкенде шағымдар бәсеңдейді. Бірақ

жылдар бойы құлаққапты қатты дыбыста, үзіліссіз қолдану құлақ жасушаларының бір бөлігін жойып жіберуі мүмкін. Олар қайта өсіп шықпайды, сондықтан есту қабілеті біртіндеп төмендеп, нейросенсорлық есту кемістігіне, тіпті керендікке дейін апарды.



Құлаққаптың түріне келсек, құлақ ішіне енгізетін құлаққаптар дыбысты тікелей құлақ жолына бағыттайды, сыртқы шуды жақсы окшаулайды. Дыбысты қатты қойсаңыз, ішкі құлаққа түсетін салмақ та соғұрлым жоғары болады. Сыртын жауып тұратын құлаққаптарда да дәл солай, дыбысты шектен тыс күшейтсеңіз, зияны көп. Сондықтан «қайсысы қауіпті?» дегеннен гөрі, қай түрін қолдансаңыз да дыбысты қатты қоймау және құлаққа демалыс беру – басты қағида.

– Сіздің тәжірибеңізде құлаққапты дұрыс қолданбау салдарынан есту қабілеті нашарлап келген жастар болды ма?

– Иә, есімде қалған ерекше бір жағдай бар. Жиырма бір жастағы жігіт келді. Студент, күні бойы, көшеде, үйде, көлікте, қайда жүрсе де құлағында құлаққап. Уақыт өте келе бір құлағының естуі айтарлықтай төмендеп, құлағында ауырсыну, шу, ыңғайсыздық пайда болғаннан кейін ғана дәрігерге жүгінген. Тексергенде дабыл жарғағында тесігі бар, ортанғы құлағында созылмалы қабыну процесі, сүйекшелерге де зақым келгені анықталды.

Оған ота жасап, зақымданған құрылымдарды қалпына келтірдік. Отадан кейін аудиометрия көрсеткіштері жақсарды, жігіт күнделікті өмірде еркін еститін деңгейге жетті. Өзі де «енді құлаққап қимеймін» деп сабақ алғанын айтты.

– Құлақ ауруларына эндоскопиялық ота жасайтын мамансыз. Осындай жоғары технологиялы құлақ оталарына көбіне қандай диагностика келеді?

– Эндоскопиялық трансканалды ота – қазіргі заманғы, аз инвазивті құлақ операцияларының түрі. Бұрын классикалық әдіспен құлаққа операция жасағанда көбіне құлақтың артына ұзын тілік жасап, сүйекті ашып, микроскоп арқылы ортанғы құлақты көретінбіз. Эндоскопиялық трансканалды тәсілде құлақтың артынан үлкен тілік жасалмайды, жінішке

қажет. Құлаққаппен жүретін уақытты да барынша шектеу керек, әсіресе үйде тыныш жерде қажет болмаса, пайдаланбау керек. Ұзақ жолда, ұшақта тыңдасаңыз да, міндетті түрде үзіліс жасап, құлақты тынықтырып отыру маңызды.

эндоскопты сыртқы есту жолы арқылы енгіземіз де, арнайы микрo құралдармен зақымданған аймаққа тікелей жетеміз. Бұл әдістің артықшылығы – жұмсақ тіндерге және сүйекке түсетін жарақат азаяды, қан жоғалту мөлшері төмен болады, тыртық қалмайды, косметикалық тұрғыдан да жақсы, наукас ауруханана аз уақыт жатып, тезірек қалыпты өмірге оралады. Көбіне созылмалы іріңді ортанғы отит, дабыл жарғағының перфорациясы, ортанғы құлақтағы процестер, сүйекшелердің зақымдануы сияқты диагноз бойынша ота жасаймыз. Сонымен қатар отосклероз кезінде де ота жасалады. Бұл кезде үзеңгі сүйегінің айналасындағы сүйектің қатайып, оның қозғалысы шектеледі. Себептері көп: тұқымқуалаушылық, зат алмасу бұзылыстары, гормондық өзгерістер. Мұндайда біз зақымданған сүйекшені алып, орнына арнайы протез қоямыз.

– Көптеген ЛОР-дәрігерді оқытып жүрсіз. Құлақ хирургиясы бойынша қазақстандық мамандардың деңгейін қалай бағалар едіңіз?

– Менің ойымша, Қазақстанда, әсіресе Астана мен Алматыда құлақ хирургиясы бойынша мамандардың деңгейі өте жоғары. Бізге түрлі елдерден профессорлар келіп, шеберлік сабақтарын өткізіп жүр. Олар өз тәжірибесін, әдістерін көрсетеді. Қазір шетелде жасалатын құлақ оталарының басым бөлігі – созылмалы отит, отосклероз, перфорация бойынша күрделі оталар да біздің елде жасалуда. Балаларға да, ересектерге де оталарды Қазақстанда жасауға мүмкіндік бар. Әрине, өңірлерде белгілі бір қиындықтар жоқ емес. Құлақ – анатомиялық тұрғыдан өте күрделі аймақ, операция техникасы да нәзік. Оған қоса операциялық микроскоп, эндоскопиялық жүйе сияқты қымбат құралдар қажет. Олардың бағасы ондаған миллион теңгеге жетеді. Барлық аймақтық ауруханалар бірден мұндай жабдықты алып, команда қалыптастыра алмайды, сондықтан күрделі құлақ оталары көбіне ірі орталықтарда жасалады. Дегенмен қазақстандық ЛОР-дәрігерлердің көбісі деңгейі жыл сайын өсіп келеді. Жас мамандар құлақ хирургиясына қызығып, үйренуде.

– Жас мамандарға айтар кеңесіңіз...

– Жас мамандарға, болашақ дәрігерлерге де айтарым бар. Өз ісіне деген шынайы сүйіспеншілік пен еңбекқорлық адамды жетістікке жетелейді. Мамандықта жоғары нәтижеге жету үшін жұмысына деген шынайы сүйіспеншілік пен жүйелі еңбектен артық ешнәрсе жоқ. Білікті маман болу ұзақ әрі табанды еңбекті талап етеді. Егер адам тандаған саласында ауыртпалығына да, жеңілдігіне де мойымай, кем дегенде алғашқы бес жылын үздіксіз ізденіс пен тәжірибеге жұмсаса, ол кейін кез келген бағыттың дамуына елеулі үлес қоса алатын білікті қарға айналады. Жалпы жүйе тұрғысынан алғанда, дәрігерлердің құқықтарын заң жүзінде қорғау, еңбекқасиын лайықты деңгейге жеткізу маңызды. Дәрігер өзінің болашағына сенімді, әлеуметтік жағдайы тұрақты болғанда, ол бар күш-жігерін науқасты емдеуге, ғылым мен білімін дамытуға жұмсай алады.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Бетті дайындаған
София ХАЙРУЛЛА


Сонғы он жылда «мына балаға екі рет айтпасан естімейді», «құлағым шынылдап кетті» деген сөздерді күнде естіміз. Бұрын көбінесе қарт кісілерге тән құлақ ауруы бүгінде мектеп оқушысы мен студенттің мәселесіне айналып барады. Мамандар бұл мәселенің себебі қолдан түспейтін смартфон, құлақтан түсетін құлаққап екенін айтады.

«ҚҰЛАҚҚАП ДӘУІРІ»

немесе үнсіз дабыл

Дүниежүзілік «үнсіз індет»

Дүниежүзі бойынша есту қабілеті бұзылған адамдар саны рекордтық деңгейге жетті. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне сүйенсек, жер шарындағы халықтың 5 пайызынан астамы, яғни шамамен 430 миллион адамның есту қабілеті «мүгедектік деңгейдегі» жағдайға жетіп, арнайы оңалтуды қажет етеді. ДДҰ болжамынша, 2050 жылға қарай 700 миллионнан астам адам ауыр естиді. Есту қабілеті мәселелерінің жаһандық экономикаға әсері жылына шамамен 1 триллион АҚШ долларына жетеді. Ал ең алаңдатырлығы, бұл статистика тек картаюмен байланысты емес. ДДҰ дерегіне, 12-35 жас аралығындағы 1 миллиардтан астам жас жеке аудиокұрылғылар мен ойын-сауық орындарындағы қатты дыбыстың салдарынан керен болып қалады.



Цифрлық дәуірдің символына айналған құлаққап – жай ғана аксессуар емес, өмір салты. Автобус, университет дәлізі, кенсе, фитнес-залға баратындардың бәрі құлаққап пайдаланады. Ғалымдар зерттеуіне сүйенсек, студент-жастардың 90 пайыздан астамы күнделікті құлаққап қолданады екен. Жеке музыкалық плеерлер мен смартфондар 75–105 дБ аралығындағы дыбыс деңгейін бере алады, ал құлаққап-тығындар құлақтың ішіне жақын тұрғандықтан, дыбысты тікелей дабыл жарғағына жібереді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының «Make Listening Safe» («Қауіпсіз тыңдау») зерттеуіне сәйкес, кейбір пайдаланушылар 100 дБ деңгейінде небәрі 15 минут музыка тыңдағанда, өндірістері 85 дБ-лық сегіз сағаттық жұмыс күніндей «шу дозасын» алады. Яғни «музыкамды сол ғана қаттырақ қойдым ғой» деген әдет шын мәнінде, өндірістері қауіпті цехтағы шумен бірдей.

Ғылым не дейді?

Көпшілік әлі де «құлаққап есту қабілетін бұза қоймас» деп ойлайды. Бірақ соңғы жылдардағы зерттеулерге сүйенсек, құлаққаптың қауіпін анық байқауға болады. Көреда жүргізілген ұлттық қогорттық зерттеу құлаққапты күніне әр қосымша 1 сағатқа ұзартып қолданған сайын есту қабілетінің төмендеуі 1,19 есеге артады екен. Жастар арасында жүргізілген тағы бір зерттеуде құлаққап қолданатындардың 20,9 пайызы «естуім нашарлады» десе, қолданбайтындар арасында бұл көрсеткіш небәрі 3,5 пайыз ғана болған. Құлақ шынылдауы құлаққап қолданушылардың 18,6 пайызына тән болса, қолданбайтындарда – 1,8 пайыз ғана. Әртүрлі елде, түрлі континенттерде жүргізілген бұл зерттеу нәтижесі ұзақ әрі қатты дыбыста құлаққап қолданған сайын есту жүйесінің зақымдану ықтималдығы арта түсетінін анықтаған.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының қауіпсіз тыңдау жөніндегі түсіндірмесі бойынша, 80 дБ деңгейінде аптасына 40 сағатқа дейін салыстырмалы түрде қауіпсіз, ал 90 дБ деңгейінде бұл лимит 4 сағатқа дейін күрт қысқарады. Яғни «аз-аздан, күні бойы» тыңдау да қауіпті. Күні бойы құлақта құлаққап болу да зиян. Таңертеңгі жолда тыңдасаңыз, түсте құлаққа демалыс беріңіз, кешке тағы да шектеніз.

Құлақтың ішіне кіретін тығын-құлаққаптар дыбысты тікелей дабыл жарғағына жеткізеді. Зерттеу көрсеткендей, құлаққаптың осы түрін пайдаланғандардың есту қабілеті төмендейді. Қаласаңыз, сыртынан жабатын, дыбыс окшаулауы жақсы модельдерді тандаған жөн. Мұндай құрылғыларда қатты дыбыс қоспай-ақ, музыка айқын естіледі. Құлаққапты пайдалану кезінде жеке гигиенаны сақтаңыз. Тығын-құлаққаптың беткі бөлігін уақытылы сүртіп, тазалап жүрген жөн.

Құлақ – үн әлемімен байланысымыз. Ал үн – эмоцияның, қарым-қатынастың көрінісі. Есту қабілетін қорғамасақ, ертен үнсіз әлемде қалуымыз ғайап емес.

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3978 Таспырыс №1991

Нөмірдің кезекші редакторы Айтқолжы АЙТЖАҢОВА